

ӘОЖ 811.356.252

А. К. Көлпенова¹, С. К. Қасымова²

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы, Көкшетау, Қазақстан

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ТЕРМИНДЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМЫ

Аңдатпа. Мақалада азаматтық қорғау саласындағы кейбір терминдердің салыстырмалы лингвомәдени концептілері зерделенген. Яғни түрік және қазақ фразеологизмдеріндегі мифологиялық мотивтерді айқындайтын мифологемаларды салыстырмалы тұрғыдан талдауға бағытталған. Дүниені танудың мифологиялық жүйесіне сәйкес қалыптасқан вертикаль бағыттағы «жоғарғы әлем↔орта әлем↔төменгі әлем» үш деңгейлі моделін құрайтын «көк (аспан) ↔ жер ↔ жер асты» үштігінің аясындағы фразеологизмдер қарастырылады. Түркі фразеологизмдері мазмұнындағы мифологиялық мотивтер жалпытүркілік негізден өрбіп, әрбір этностың дара болмысына сәйкес өзгерістерге ұшырап отырады. Мифологиялық мотивтерді сақтаған түркі фразеологизмдерінің даму үдерісі мифологемалардың мазмұнындағы ақпараттың ретроспективтілігімен, дүниетаным сабақтастығымен сипатталады. Белгілі бір ұғымды, ойды нақты да нақышты жеткізудің құралы – фразеологизмдерді коммуникативтік қарым-қатынаста орынды қолдану үшін олардың уәжін білу, сол арқылы мағынасын түсіну қашан да тілдік норма, тіл мәдениетін сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Түркілік мифтік сюжеттер негізінде топырақ, жер-көк мифологемасымен келетін қазақ және түрік тіліндегі мәндес фразеологизмдер топтастырылды.

Түйінді сөздер: термин, жер, мазмұн, ақпарат, миф, зерттеу.

Қазіргі қазақ терминологиялық жүйелерінің синхронды сипаты олардың пайда болу дереккөздерін, кейбір терминдер мен терминологиялық жүйелердің пайда болу кезеңін, терминжасам әдіс-тәсілдерінің қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді. Кез-келген ұлттық тілдің терминологиялық байлығы сол этностың қабілеттілік және тәжірибелік еңбегінің жемісінен, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнайы ұғымдар атауларынан көрініс табады. Сол себепті арнайы зерттеуді талап ететін өзекті мәселелер қатарына ғылым, білім және техникалық кәсіби тіл лексикасы жатқызылады. Қазіргі уақытта арнаулы лексика саласындағы терминжасам бойынша мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін таппаған деседе болады. Өйткені, терминжасам мен терминология саласындағы барлық жаңа жасалымдар ұлттық тілдің өзінің негізінде жасалған болсын немесе өзге тілден қабылданған болсын, ең алдымен, терминологияда орын алады, себебі арнаулы лексика үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Қазіргі таңда терминологияны зерттеудің маңызын академик Ә. Қайдаров: төмендегідей себептермен айқындайды: «Бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми - техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның тап-тұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып шынықтырып отыруға тиіс, біз де енді сондай ел санатына жатамыз. Екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік

тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның 15 жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс, сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» [1, 3 б.].

Зерделеп отырсақ, әрбір дамыған тілде мыңдаған терминдер орын алып, қаншама терминологиялық жүйелер қалыптасқан. Оларды, ең алдымен, қызмет ететін білім мен кәсіп салалары бойынша жіктеуге болатыны белгілі. Атап айтсақ, терминдер жиынтығын құрылымы мен күрделілігі бойынша жіктейді: үлкен және кіші (микрожүйелер) иерархиялық, көпаспектілі, ұялы т.б. Демек, қазіргі ақиқат болмыстағы термин маңызы мен сан алуандығы отандық та, шетелдік те зерттеушілердің үлкен қызығушылығын танытуда. Осындай жан-жақты қызығушылықтың дәлелді негіздемесі бар, өйткені ғылым үнемі бір орында тұра бермейді, адамзат қоғамы өзінің барлық қызмет саласында қарқынды түрде өсуге тырысады. Қазіргі таңда адам білімінің қалыптасқан салаларындағы тұрақты өзгерістермен қатар, жаңа пәндер пайда болып жатыр, ал жаңа сөздердің 90% -ы терминдер болып табылады.

Терминнің көпмағыналылығы жайында сөз болғанда ол лексикалық бірлік ретінде анықталады, ал оның бірмағыналылығы тек белгілі бір нақты ғылым мен техника саласында ғана орын алады. Яғни, терминнің білімнің басқа салаларында омонимдері болуы, оның өз саласындағы қолданысына әсер етпейді. Сондықтан да терминологиялық жүйе қалыптасуының бастапқы кезеңінде әрбір терминге қатысты бірмағыналылық талабын жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені нақты және дәл аталымдар іріктелуі аяқталмаған, күрделі ғылыми ұғымдардың семантикалық пен лексикалық рәсімделуі жүргізілу барысындағы әрекет болып саналады.

Азаматтық қорғау саласында көп жылдар бойы еңбек ете жүріп зерделегеніміз, аталған саладағы терминжасам жүйесі мемлекеттік тілде ғылыми тұрғыдан мүлдем аз деңгейде қарастырылатынын көреміз. Оның басты себебі, аталған сала техникалық бағытта болғандықтан тілші мамандардың яғни ғалымдардың басқа салаға қарағанда тапшы болуы деп есептейміз. Сонымен қатар Азаматтық қорғау өз алдына дербес сала ретінде бөлініп, дамуы мен тарихы жағынан жас болып табылады. Осы ретте біз бүгінгі зерттеуімізде аталған салада қолданыста кездесетін әсіресе табиғи сипаттағы төтенше жағдайларда және жалпы кез-келген оқиға мен табиғи құбылыстарды сипаттауда жиі кездесетін (*жер сілкінісі, жер бедері, жер қыртысы, жер төсемесі, жерасты сулары, жерге тұйықтау тоғы, жерді барлау т.б.*) «Жер» сөзін термин ретінде алып, оның мифологиялық мотивін түркілік дүниетаным тұрғысынан салыстырмалы зерделедік.

Қазақ тілінде *жер* сөзі қыпшақ тіліндегі *yer* сөзінен шыққан, оның өзі прото-түркіше *уер* сөзінен келген. Татарша *жер*, шуашша *çer*, ескі түркіше (*йер*) мен (*йир*) және т.б. түркі тілдеріндегі сөздердің аты. Алтай тілдерінің гипотезасы бойынша, түркі, манчжур, моңғол және т.б. азиялық тілдер туыстас. Старостиннің этимологиялық базасында *жер* сөзі жалпы прото-алтайша *ńera* түбірінен шыққан делінеді. Ол реконструкция рас болса, моңғолша *žirig* және эвенкіше *yerke* сөздерінің когнаты болуы мүмкін.

Басқа атаулары парсы не араб тілдерінен енген. *Жаһан* мен *жиһан* екі сөзі парсыша جهان дегеннен, *дүние* мен *дүниежүзі* араб тіліндегі دنیا сөзінен, ал *әлем* сөзі

арабша *عالم* дегеннен шықты. Сонымен қатар латынша *terra (tellus)* мен ежелгі грекше *γῆ* (*γῆ*) деген атаулары бар. Қазақ тілінде олар жеке қолданылмайды, алайда *террариум*, *теллурий*, *география* сияқты сөздер ішінде кездеседі [2].

Зерттеуде түрік және қазақ фразеологизмдерінің құрамындағы мифологиялық «Жер» парадигмасына енетін мифологемалар талданады. Талдау барысында бастапқы оқиға, киелі тарихты баяндайтын миф сарынына үнілу, артта қалған оқиғаларға көз жүгірту жүзеге асады, нәтижесінде мифологемалардың, сол арқылы фразеологизмдердің ретроспективті сипаты, мифологемаларды интерпретациялау мәдени құндылықтарды дәріптеу болғандықтан, аксиологиялық сипаты айқындалады. Сондай-ақ, мифологемалардың мән-мағынасын ашу арқылы кейбір фразеологизмдердің уәжі, яғни фразеобраздың шығу төркіні айқындалады, бұл орайда мифологемалардың танымдық, эстетикалық қызметі басым мәнге ие болады. Жалпы фразеологизмдермен бірге күнімізге келіп жеткен мотивтердің бірі – мифологиялық «Жер» мотиві.

Түркі фразеологизмдерінде сақталған мифологемаларды зерттеу түркілік дүниетанымның архетиптерін анықтау, түркілердің бейнелі-көркем ойлау жүйесін саралау, жалпытүркілік болмысы мен қазіргі түркі халықтарына тән дара болмыстың жігін ажыратуымен өзекті болып саналады.

Түркілердің мифологиялық танымында микрокосмос – киіз үй болса, макрокосмос – ғалам, ол үш кеңістіктен тұрады: жоғарғы, ортаңғы, төменгі. Жоғарғы әлем: аспан (көк) – Тәңірінің мекені, ортаңғы әлем: жер беті – адамдар мен басқа да тіршілік иелерінің, төменгі әлем: жер асты – қараңғылық иелерінің (шайтан, жын, пері, т.б.) мекені. Бұл деңгейлер қасиеті арқылы бір-бірінен бөлініп тұрса да, жоғарыға (тәңір әлемі) және төменге (қараңғылық мекені) «жолдар» ашылады. Осылайша үш кеңістік бір-бірімен байланыста болады. «Біздің әлем» қасиетті жер – ғаламның ортасы, кіндігі [3]. Мақалада мифологемаларды осы мифологиялық жүйе, яғни жер ↔ көк, жер ↔ жер асты ғаламдық жүйесі бойынша талдау мақсат етілді. Түрік және қазақ фразеологизмдеріндегі *Жер ана* мифологемасы мен онымен мәндес *топырақ мифологемасы*; *жер-көк мифологемасы*; жер астына түсетін тесік, жарық – *құдық/шұңқыр мифологемалары*; мифтік мезгіл – *сәрсенбі мифологемасы*; жер астындағы қараңғылық иелері: *аза*, *жік мифологемаларының* мәні мифтік сюжет, деректер арқылы интерпретацияланды, соның негізінде фразеологизмдердің уәжі айқындалды. Уәжге қатысты тұжырымдар түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобына жататын әзербайжан, қырғыз, ұйғыр тілдері фразеологизмдерімен салыстырылып, дәйектелді. Зерттеуде дәстүрлі сипаттау, жүйелеу әдістері, салыстырмалы-синхронды, салыстырмалы-диахронды зерттеу амалдары, семантикалық, семиологиялық зерттеу тәсілдері, танымдық-логикалық әдістер қолданылды.

Ежелден қалыптасқан концепция бойынша жер – тіршілік субстанциясы. Аспанды – әке, жерді – ана деп таныған түркі сенімінде Жер Ана – өмір негізі. *Жер иіді* ‘жер көктеді’, *жер емшегін ему* ‘жерге бау-бақша, егін егіп күн көру’ тұрақты тіркестері осы негізде пайда болған. Түркілердің жерді қастерлеп, кие тұтуы бүгінгі тілдегі *жерді қазба*, *жерді шұқыма*, *жерге түкірме*, *жерді теппе* сынды тыйым сөздерден де көрінеді.

Жер Ана – түркі мифологиялық танымында ұзын құлақтары бар, ең құпия айтылғанды есту құдіретіне ие, бәрін сезіп, біліп отыратын қарт әйел [4]. Жер Ананың

бұл сипаты ‘ең құпия айтылғанды бірі болмаса, бірі естиді’ деген мағынаны білдіретін түрк. *yerin kulağı var*, қаз. *жер екем жердің де құлағы бар*, қыр. *жердин да кулагы бар*, *жердин кулагы жети кат*, эзб. *yerin də qulağı var* тұрақты тіркестерінде сақталған. Түрік тіліндегі ‘түбі көрінбейтін, терең, табиғи құдық’ мағынасын беретін *yerkulağı* сөзі де – мифологиялық сенімнің жұрнағы.

Сонымен қатар түрк. *uzun kulaktan haber almak* ‘ұзақтан, алыстан хабар алу’, қаз. *ұзын құлақ* ‘әр жерден естілетін, дерегі аз сөздер’, *ұзын құлақтан естіген сөз*, *хабар* ‘әркімнің айтқан лақап сөздері’ фразеологизмдері бар. Ә. Қайдар *ұзын құлақ* фразеологизмінің мотиві туралы мынадай ой айтады: *ұзын құлақ* фразеологизмі қазіргі ақпараттық құралдар (радио, телефон, телеграмма, факс, теледидар, т.б) жоқ кездегі хабар алмасу дәстүрінің негізінде пайда болған. Бұл дәстүр бойынша жолаушы жолында кездескен ауылға міндетті түрде ат басын бұрып, жаңалығын айтып, білгендерімен бөліскен, сол ауылға немесе аймаққа қатысты мәліметті жолындағы келесі ауылдарға жеткізген. Осылайша халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі туралы ақпарат үздіксіз, «сымсыз» бірден-бірге жетіп отырған. Ауыспалы мағынада «алыс-жақында болып жатқан оқиғадан хабардар құлақ» дегенді білдіретін *ұзын құлақ* деп аталатын бұл дәстүр ‘қауесет, сөз, хабар’ мәніндегі тұрақты идиомаға негіз болған [6]. Біздің ойымызша, берілген фразеологизмдерге мифологиялық жер Ананың ұзын құлақтары уәж болған. Бұл пікірімізді *ұзын құлақ* образы ұйтқы болған фразеологизмдердің түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ диалектілерінің үшеуінде де сақталуы дәлелдейді: қыр. *узун кулак* ‘көп білетін, көп нәрседен хабардар’ [7], эзб. *uzunqulaqdan xəbər almaq* ‘ұзақтан хабаралу’ [8], ұйғ. *узун кулақ* ‘қауесет сөз’, хак. *узун хулахнаң истерге* ‘бір сөзді жібермей, мұқият тыңдау’ [9]. Бұл – ортақ мифологиялық таным нәтижесі. Тувалардың мифологиясындағы бар әлемді қамти алатындай үлкен құлақтары бар қарт әйел Желбеген, якут мысалдарындағы үлкен де ұзын құлақты, мұрны бақыр Шимелтей / Шебелдей –жер Ананың демонологияланған нұсқаларының да үлкен, ұзын құлақты болып келуі ойымызды дәйектей түседі.

Жер Ана мифологемасымен мәндел мифологема – топырақ. Түркі халықтары үшін қасиетті Жер Ана мен Топырақ ұғымы тең. Бұл, әсіресе, түрік тілінде айқын көрінеді. Мысалы: түр. *toprak ananın bayramı* ‘көктемде әр жердің гүлденуі’ фразеологизміндегі Топырақ Ана Жер Анамен барабар. Сол сияқты аса күнәһар деп танылған пендеге қатысты айтылатын түрк. *toprak kabul etmez*, *toprak paklar*, қаз. *қаражер де қабылдамайды*, түрк. *toprağa vermek*, қаз. *жер қойнына тапсыру* ‘адамды жерлеу’ фразеологизмдерінде *топырақ пен жер* мифологемалары бір мағынада жұмсалып тұр.

Десек те түркі мифологиялық танымында топырақтың өзіндік мән-мағынасы да ерекше. Топырақ әуел бастан құдіретті әрі киелі [10]. Алтай және Сібір түркілерінің антропологиялық эпсаналарында топырақ – алғашқы әрі негізгі мотив. Тәңірі адамды топырақтан жаратқан. Адам жаралғанда, топырағы қай жерден алынған болса, өлгенде сол жерге көміледі. Егер бір адам басқа бір жерге барып қазаға ұшыраса, топырағы тартып барған екен деседі [11]. Бұл мифологиялық мотивтерді мына фразеологизмдерден көреміз: қаз. *топырағы тартты*, түрк. *toprağı çekmiş* ‘тұрған мекенінен басқа жерге барып, сол жақта қайтыс болған адамға айтылады’, қаз. *топырақ айдау* ‘ажал айдау’, *топырағыңды жеріңнен бұйыртсын* ‘өз жерінде, туған елінде дүние сал’, *топырақ бұйырды* ‘жерленді’ немесе *топырақ бұйырмау* ‘өз туған жеріне емес, бөтен жерге жерленді’, *топырағы ауыр* ‘салмақты, сабырлы’, *топырағы*

жеңіл-сөзге, атаққа іліккіш', *топырағы ұшты*' даңқы шықты' фразеологизмдері бар. Сол сияқты екі тілде де: қаз. *келін ененің топырағынан*, түрк. *gelin kaunana toprağından yaratılmış* тұрақты тіркестері бар.

Топырақ мифологемасының басқа түркі тілдерінде де сақталуы топыраққа қатысты наным-сенімінің көнеден келе жатқанын дәлелдейді. Мәселен, қыр. *топурағын бир жерден алған*' қылығы, жүріс-тұрысы және басқа сипаттары бойынша өте ұқсас, бірдей' [7], әз. *torpağı bir yerdən götürülmək* 'бір-біріне қатты ұқсау'[8], башқ. *тупрак тартыу*' өлер алдында туған жерге тарту', *тупрак язған*' адамның өлімі жазылған жер' [12].

Алтай эпсаналарында Тәңрі Үлгеннің адамның етін топырақтан, сүйегін тастан жаратқаны, еркектің қабырға сүйегінен әйелдің жаратылғаны туралы айтылады. Әйелдің еркектің қабырғасынан жаратылғаны туралы мотив қаз. *қабырғаңмен кеңес [қабырғасымен кеңесті]*' әйел, дос-жармен ақылдас, келіс, ойлас' фразеологизміне ұйтқы болғанға ұқсайды.

Түркілердің топырақ ұғымына қатысты мифологиялық танымы туған жерге, отанға деген құрмет, сүйіспеншілікпен астасып кеткен. А.Сейдімбектің айтуы бойынша, түркілердің туған жер топырағын кие тұтқанын көрсететін бір дәстүр – тұмар тағу. Тұмар тағу – ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмарға дұға жазып салу қалыптасқан [13]. Қазақ тіліндегі *бойтұмардай сақтады* 'қасиет тұтты' тіркесі осы негізде пайда болған. «Пәле-жаладан қорғасын» деген ниетпен тұмар тағу, үйге тұмар ілу дәстүрі қазақ халқында әлі күнге дейін бар.

Қайтқан адамды жерлегенде қабір басындағылардың топырақ салып, құрмет көрсетуі де – түркілердің ескіден келе жатқан дәстүрі. Осыған байланысты қаз. *топырақ салысты* 'көмісті', *топырақты өлім*, *топырақ салған өлім*' жолы жасалатын, ағайын аза тұтып, арулап қойып, топырақ салатын қаза', түрк. *toprağa bakan*' өлімі жақын', *toprağa vermek* 'ölüyü gömmek' фразеологизмдері бар. О дүниелік болған адамның жақындарына көңіл айтуда түрк. *toprağı bol olsun, toprağına ağır gelmesin*, қаз. *топырағы торқа болсын, жатқан жері жайлы болсын* тұрақты тіркестері қолданылады.

Келесі мифтік сюжет мынадай: *жалпақ жер Жасағанның құдіретімен көк өгіздің арқасына орналасыпты. Жер жүзінде ізгілік, жақсылық молайса, көк өгіздің жүгі жеңілдейді. Бұған көк өгіз де сүйінеді. Жер үстінде жауыздық, жамандық өршісе, оның жүгі ауырлайды. Бұлардан жиренген көк өгіз сілкініп, жер сілкінісі болады. Енді бір сюжетте жұмыртқадай жер көк өгіздің мүйізіне орналасады. Өгіздің бір мүйізі талса, екіншісіне ауыстырады, сол кезде жер қозғалып, сілкінеді* [11]. Бұл мифтік сюжеттер ізі қаз. *жер қозғалса қозғалмайтын* 'өте сабырлы адам', түрк. *yer yerinden oynamak* 'bir yerde büyük bir huzursuzluk veya kavga ortamı yaratmak' фразеологизмдерінде сақталған. Кипр түріктерінде сақталған сюжетте дүние сары өгіздің мүйізінің арасында орналасқан деп беріледі. *Өлгендердің рухы сары өгіздің мүйізіне жиналады. Сары өгіз мүйізінен айрылған кезде өлгендердің рухы соңғы мекеніне жөнеледі.*

Жерге қатысты эпсананы одан әрі жалғастырсақ, *Тәңірдің жерді арқалаған көк өгізі бейне кәдімгі көш-көлігі болып жүрген өгіздер сияқты қартая береді. Замандардың заманында көк өгіз әбден қартаяды, күш-қуатынан айрылып, ажалға*

тап болады. Көтеріп тұрған көлігінен айрылған жер-жаһан зауалға ұшырайды: тау қаңбақтай, тас бұршақтай ұшып, жер көкке шығып, көк жерге түсіп, қиямет зілзала туылып, заманақыр болады [11]. Бұл эсхатологиялық сюжет образы қазақ тіліндегі *аспан айналып жерге түскендей* ‘қатты ыстық, жер-көктің бәрі күйіп тұр’, түрік тіліндегі *taş yağar kıyamet koparken* ‘telaşlı ve tehlikeli zaman’ фразеологизмдеріне арқау болған.

Дүниенің соңы – ақырзаман (заманақыр, қалғаншы шақ, қиямет деп те аталады) туралы Алтай сюжеті В.И. Вербицкийдің еңбегінде берілген, оқиғаның қысқартылған желісі мынадай: *гасыр ұзарған сайын жер бетінде қатігездік те көбейіп, ұлғая береді. Күнәға әбден батқан адамдардан көңілі суып, Тәңрі Үлген олардан алыстай бастайды, тіпті құлағын бітеп, дұға-тілектерін естімейтіндей кезге жетеді. Жамандық көбейген сайын жер астындағы Ерлік те жер бетіне жақындай түседі. Ең соңында Ерлік жер бетіне шығады, жерді қорғау үшін Үлген Майтөрені жібереді. Ерлікпен шайқаста Майтөре жараланып, қаны жан-жаққа шашырайды. Майтөренің денесі мен қанынан пайда болған от жер бетін түгел жайлап, аспанға жетеді. Осы кезде аспаннан Үлген түсіп: «Кыйдеп! Өлгендер, орындарыңнан тұрыңдар!», – деп бұйырады. Үлгеннің даусы мен демінен өлген адамдар орнынан тұрады. Әрине, оқиғаның бұлай өрбуіне ислам дінінің де ықпалы болуы мүмкін, бірақ дүниенің соңы туралы наным көне ескерткіш – «Күлтегін» жырында да айтылады: Төбеңнен тәңірі баспаса, астыңнан жер айырмалса, түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды? [13].*

Осы ақырзаман, қиямет мифологемалары арқау болған фразеологизмдер екі тілдің де қорында бар: қаз. *ақырзаман орнатты, ақырзаманды төндірді* ‘бар қиыншылықты үйіп-төкті, жөнсіз сарыуайымға салынды’, *қияметтің қыл көпірі* ‘қиыншылық, жолдағы кедергілер’, түрк. *kıyamet kopmak* ‘bir yerde çok gürültü ve telaş olmak’, *kızılca kıyamet kopmak* ‘kavga, gürültü olmak’, *kıyamete kadar* ‘dünya durdukça, uzun süre’, *kıyamete kalmak* ‘sorun çözülememek’.

Төлеуіттерде сақталған сюжет бойынша, қалғаншы шақ келерде көк темір, жер сары бақыр болады [14]. Бұл образ түрік тілі фразеологизмінде сақталған: *yer demir gök bakır* ‘1. çorak ve sıcak yer; 2. umut edecek hiçbir şey ya da yardım gelecek hiçbir yer kalmamak’. Сол сияқты «ақырзаман болғанда жер жүзін топан су қаптайды» деген наным қазақ тіліндегі *топан су тобығынан келмейді* ‘ештеңе ойламайтын, мұңсыз адам’ фразеологизміне арқау болған.

Солтүстік халықтарының шамандық мифологиясында жоғары мен төменді, көк пен жерді байланыстырып тұратын шаманөзені (функционалдық жағынан әлем ағашына жақын) туралы түсінік, наным бар. Өзеннің басы жоғарғы, аяғы төменгі әлемді меңзейді, яғни судың басы – жоғарғы жақ та, судың аяғы – төменгі жақ. Бұл мотив түрк. *suun başı* ‘1. Bir işin asıl yetkililerinin bulunduğu yer; 2. En çok yarar sağlanacak yer’, қаз. *су аяғы құрдым* ‘1. Жер түбі; 2. Аяғы, ақыры сұйылды’, *жер жаспанып, су сүйеніп отыр* ‘сараң, пейілі тар кісі’ фразеологизмдерінен көрінеді. Түрік тілінде *су* мифологемасымен келетін басқа да фразеологизмдер: *suyu baştan (veya başından) kesmek* ‘ішін асılı üzerinde kesin bir şey söyleyip ayrıntılarını konuşmaya gerek duymamak’, *suyu yokuşa akıtmak* ‘bir işin olabilmesi için yerine getirilmesi olanaksız koşullar öne sürmek’, *suya düşmek (bir tasarı)* ‘birtakım nedenlerle gerçekleştirilememek’, *suya salmak (bir şeyi)* ‘boşuna harcamak’, *suyu kesilmiş değirmene dönmek* ‘işleyemez, yararsız duruma gelmek’, *suyu tirit* ‘baştan savma, değersiz, özensiz’,

suyun akıntısına gitmek ‘olayların veya durumun gelişmesine göre davranmak, uymak’, *suyu nereden geliyor?* ‘bir işi görmek için harcanan para hangi kaynaktan sağlanıyor?’ жиі қолданылады.

Миф, мифтік мотив – болмысты танудың, дүниені менталды реттестірудің нәтижесі. Түркі танымы бойынша реттелген дүние бейнесін сипаттайтын фразеологиялық мифологемалардың мәнін түсіндіру, біріншіден, фразеологизмдердің фольклорлық көркем миниатюралар екендігін айқындады: мифологемалар ұйтқы болған фразеологизмдер халық әдебиетіне тиесілі шағын мәтіндер іспеттес және олар көркем сипатқа, этномәдени мазмұнға ие. Екіншіден, мифологемаларды талдау арқылы бірқатар фразеологизмдердің мотиві анықталды. Мәселен, Жер ана мифологемасын зерттеу барысында түркі тілдеріндегі *ұзын құлақ* компонентімен келетін фразеологизмдердің уәжі айқындалды. Мифологиялық Жер анаға тән *ұзын құлақ* образы фразеологизмдер арқылы тілде сақталған. Сонымен бірге зерттеуде ішкі форма – образға *құдық, шұңқыр, сәрсенбі, көз жасы, аза, жік* мифологемалары ұйтқы болған түрік-қазақ фразеологизмдерінің шығу төркіні, қалыптасу себебі белгілі болды. Белгілі бір ұғымды, ойды нақты да нақышты жеткізудің құралы – фразеологизмдерді коммуникативтік қарым-қатынаста орынды қолдану үшін олардың уәжін білу, сол арқылы мағынасын түсіну қашан да тілдік норма, тіл мәдениетін сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Түркілік мифтік сюжеттер негізінде *топырақ, жер-көк* мифологемасымен келетін қазақ және түрік тіліндегі мәндес фразеологизмдер топтастырылды. Нәтижесінде зерттеуге нысан болған мифологемалардың қай тілде қаншалықты және қалай сақталғандығы айқындалды. Ал бұл өз кезегінде түркі мифологиясының өзгеру, даму нәтижесін де көрсетеді.

Қорыта келе, кез келген білім саласында ғылыми сөздік қалыптастыруда пайдаланатын тәсілдің бірі – кәсіби түрде жан-жақты салыстырмалы анықтамасы берілген жалпы қолданыстағы сөздерді қолдану [15]. Мемлекеттік тілге деген жанашырлық көзқарас, оған деген түсіністік пен ой-сана қалыптастыру азаматтық қорғау яғни төтенше жағдайлар саласындағы жаңа терминдермен толықтырылып, оларға жан-жақты түсініктемелер бере отырып жүргізілгені дұрыс. Оның үстіне, мұндай бағыт тек Қазақстандағы негізгі халық арасында ғана емес, сонымен қатар оны мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстар арасында да орын алуы тиіс. Себебі, Қазақстанды мекендейтін барлық халықтың қауіпсіздік жағдайы – осы азаматтық қорғау қатынастарында ғана көрініс табады. Сондықтан қоғамдық өмірде қолданып жүрген техникалық жаңа терминдерді біздегі барлық ұлт өкілдері жақсы түсініп, оларға өз дәрежесінде қолдау көрсетулері қажет. Міне, сонда ғана мемлекеттік тілдегі жаңа атаулар (азаматтық қорғау саласындағы) тез қалыптаса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
2. Электрондық ресурс. - Кіру режимі: <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. Элиаде М. Священное и мирское. (пер. Н. К. Гарбовский). – Москва: Изд-во МГУ, 1994. – 144 с.
4. Баят Ф. Турецкая мифологическая система. Том: 2. – Стамбул: Ötüken Publications, 2018. – 212 с.
5. Гуленсой Т. Словарь происхождения турецких слов на турецком языке. – Анкара: публикации Ассоциации турецкого языка, 2007. – 328 с.

6. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь. – Астана: Бильге, 2003. – 368 с.
7. Осмонова, Қонқобаев және Шерәлі Жапаров. Қырғыз тілінің фразеологиялық сөзі. – Бішкек: Имак Офсет, 2001. – 242 б.
8. Алтайлы С. Әзірбайжан түрік идиомаларының сөздігі. – Анкара: Престиж баспаханасы, 2005. – 303 б.
9. Боргоякова Т. Г. Краткий хакасско-русский словарь. – Абакан: Изд-во ХГУ, 1996. – 145 б.
10. Орозобаев М. «Қырғыз түрікшелері мен Түркия түрікшелеріндегі жер сөзі бар идиомаларды мәдени тіл білімі тұрғысынан салыстыру». Тұбар-XXXIII (Көктем 2013): – С. 207-220.
11. Бабалар сөзі: Қазақтың Мифтіі. 78-том. – Астана: Фолиант, 2011. – 400 б.
12. Хисамитдинова Ф. Г. Мифологический словарь башкирского языка. – Москва: Наука, 2010. – 420 с.
13. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 344 б.
14. Вербицкий В. И. Алтайские инородцы. – Москва: Скоропечатный А.А. Левенсон, 1893. – 240 с.
15. Қасымова С. К. Әскери терминдердің тілдік табиғаты // Көкшетау техникалық институтының хабаршысы. – 2016. – № 3 (23). – Б.82-87.

References

1. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына зһаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.–43б.
2. Электрондық ресурс. - Kiru rezhimi: <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. Eliade M. Svyatennoe i mirskoe. (per. N. K. Garbovskij). – Moskva: Izd-vo MGU, 1994. – 144 s.
4. Bayat F. Tureckaya mifologicheskaya sistema. Tom: 2. – Stambul: Ötüken Publications, 2018. – 212 s.
5. Gulensoj T. Slovar' proiskhozheniya tureckih slov na tureckom yazyke. – Ankara: publikacii Associacii tureckogo yazyka, 2007. – 328 s.
6. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь'. – Астана: Bil'ge, 2003. – 368 s.
7. Osmonova, Қонқобаев және Шерәлі Жапаров. Қырғыз тілінің фразеологиялық сөзі. – Bishkek: Imak Ofset, 2001. – 242 b.
8. Altajly S. Әзірбайжан түрік идиомаларының сөздігі. – Анкара: Prestizh baspahanasy, 2005. – 303 b.
9. Borgoyakova T. G. Kratkij hakassko-russkij slovar'. – Abakan: Izd-vo HGU, 1996. – 145 b.
10. Orozobaev M. «Қырғыз түрікшелері мен Түркия түрікшелеріндегі жер сөзі бар идиомаларды мәдени тіл білімі тұрғысынан салыстыру». Тұбар-XXXIII (Көктем 2013): – S. 207-220.
11. Бабалар сөзі: Қазақтың Мифтіі. 78-том. – Астана: Foliant, 2011. – 400 b.
12. Hisamitdinova F. G. Mifologicheskij slovar' bashkirskogo yazyka. – Moskva: Nauka, 2010. – 420 s.
13. Zholdasbekov M. Asyl arnalar. – Алматы: ZHazushy, 1990. – 344 b.
14. Verbickij V. I. Altajskie inorodcy. – Moskva: Skoropechatnyj A.A. Levenson, 1893. – 240 s.
15. Қасымова С. К. Әскери терминдердің тилдик табиғаты // Көкшетау техникалық институтының хабаршысы. – 2016. – № 3 (23). – В.82-87.

А. К. Колпенова¹, С. К. Касымова²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Академия гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан,
Кокшетау, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ПОЗНАНИЕ НЕКОТОРЫХ ТЕРМИНОВ В СФЕРЕ ГРАЖДАНСКОЙ ЗАЩИТЫ

Аннотация. В статье исследуются сопоставительные лингвокультурологические концепты некоторых терминов в сфере гражданской защиты. То есть направлен на сравнительный анализ мифологических мотивов в тюркской и казахской фразеологии. Рассмотрены фразеологизмы в составе триады «небо (небо) ↔ земля ↔ подземелье», образующие трехуровневую модель «верхний мир ↔ средний мир ↔ нижний мир», сформированную согласно мифологической системе познания мира. Мифологические мотивы в содержании тюркской фразеологии развиваются на общетюркской основе и претерпевают изменения в зависимости от индивидуальности каждого этноса. Процесс развития тюркской фразеологии, сохранившей мифологические мотивы, характеризуется ретроспективностью информации в содержании мифологизмов, преемственностью мировоззрения.

Средство передачи определенного понятия, мысли ясно и образно - знание мотивации фразеологизмов для того, чтобы уместно использовать их в коммуникативных отношениях, тем самым понимание их значения всегда является важным фактором сохранения языковой нормы и языковой культуры.

Ключевые слова: термин, место, содержание, информация, миф, исследование.

A. K. Kolpenova¹, S. K. Kasymova²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the MES of the Republic of Kazakhstan,
Kokshetau, Kazakhstan

COMPARATIVE LINGUO-CULTURAL KNOWLEDGE OF SOME TERMS IN THE SPHERE OF CIVIL PROTECTION

Abstract. The article examines the comparative linguistic and cultural concepts of some terms in the field of civil protection. That is, it is aimed at comparative analysis of mythological motifs in Turkish and Kazakh phraseology. Phraseologisms within the triad of "sky (heaven) ↔ earth ↔ underground" forming a vertical three-level model "upper world ↔ middle world ↔ lower world" formed according to the mythological system of knowledge of the world are considered. Mythological motifs in the content of Turkic phraseology develop from a common Turkic basis and undergo changes according to the individuality of each ethnic group. The development process of Turkish phraseology that has preserved mythological motifs is characterized by the retrospective nature of information in the content of mythologems, the continuity of the worldview. A means of conveying a certain concept, thought clearly and vividly - knowing the motivation of idioms in order to use them appropriately in communicative relations, thereby understanding their meaning is always an important factor in preserving the language norm and language culture. On the basis of Turkish mythical plots, significant phraseological units in the Kazakh and Turkish languages with soil, earth-blue mythologems were grouped.

Keywords: term, place, content, information, myth, research.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Асия Коттумбетқызы Колпенова – 3-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Kazakhstan, Астана, Сатпаева к-сі, 2. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Сандұғаш Кенжебекқызы Касымова – ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы ТЖМ М.Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының профессоры. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері к-сі, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Колпенова Асия Коттумбетовна – докторант 3-курса, Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Казахстан, Астана, ул. Сатпаева 2. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Касымова Сандұғаш Кенжебековна – к.ф.н., профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин, языков и психологической подготовки Академии гражданской обороны им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Asiya K. Kolpenova – 3rd-year doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Astana, Satpayev str. 2. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Sandugash K. Kasymova – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, Languages and Psychological Training of the Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the MES of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, 136 Akana Sere str. E-mail: merei_72@mail.ru